# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2024 жылғы 17 қыркүйек №2713-24-00-2/2194 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Хайруллина У.Е.
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

**ТАЛАП КОЮШЫ:**
«Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Ақоба ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Шуклин Виктор Николаевич жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қою қанағаттандырылсын.

Шуклин Виктор Николаевич жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Шуклин Виктор Николаевич жеке кәсіпкерінен (ЖСН 500330300831) мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 17.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Хайруллина У. Е., 31.10.2024

2713-24-3-1/2363